

Павлодарда Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай үш томдық «Жеңімпаздар» кітабы жарыққа шықты. Жаңа кітаптың тұсаукесер рәсімі С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада ұйымдастырылды.

Фархат ӘМІРЕ



«Жеңімпаздар» жарыққа шықты

Қазақ және орыс тілдерінде жазылған кітапқа Ұлы Отан соғысына қатысқан 5 мыңға жуық ардагер туралы деректер енгізілген. Облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Халел Әкімхановтың айтуынша, кітапты құрастырушылар

аудан-қалалардың мұрағаттар бөлімінен майданға аттанған үш мыңға жуық адам туралы ақпарат жинаған. Қалған деректер мектеп музейлері мен жекелеген тұрғындардан алынған. Мұрағат мамандары деректерді жинауға екі жылдан астам уақыт жұмсаған.

Жаңа туындының тұсаукесерінде сөз алған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Рымтай Шөкеев кітапты әлі де толықтыру керектігін айтты. Оның айтуынша, бұл еңбекке әлі мыңдаған адамның есімі енбей қалған.

Бүгінде тұрғындар өздерінің әкелері, аталары туралы ақпараттарды облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасына әкеліп тапсыруда. Егер қосымша қаржы бөлінсе, жыл соңына дейін кітап толықтырылып, қайта жарық көрмек.

«Жеңімпаздар» 500 данамен басылып шықты. Туынды алдымен облыстағы барлық кітапханаларға жөнелтіледі. Сондай-ақ, көзі тірі соғыс ардагерлеріне таратылады.